

беретін мектеп
К.К.Жумаханов



Тақырыбы:
«Тауелсіздік тірегім»

Жауапты : Тошков Тансауле

2025-2026 оқу жылы

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ АРНАЛҒАН АШЫҚ САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: «Тәуелсіздік – тұғырым!»

Сабақ мақсат: Балалардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру, ою-өрнектер мен түстерді ажырату дағдыларын дамыту, шығармашылық қабілеттерін қолдау және инклюзивті ортада бірлескен жұмысқа жағдай жасау.

Сабақтың міндеттері: Оқушыларға Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні туралы түсінік беру, Инклюзив оқушылардың ойлау, сөйлеу, талдау, салыстыру, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; күрделі сұрақтарға жауап беру, сипаттамадан затты табу, топпен бірлесе жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

1. Кіріспе. Балалар отырады, қолында ТУ

Мұғалім сөйлейді:

«Бүгін біз Тәуелсіздік күнін ерекше атап өтеміз. Әр баланың қолындағы ту – біздің елге деген құрметіміз».

балалар тапсырмасы:

– Тудағы 3 элементті айтып беру: күн, қыран, ою

(Жауап бере алмаған бала суреттен көрсетеді)

2. Әнұран айту

Барлығы орнынан тұрады. Ересек оқушыларға арнайы тапсырма:

– Әнұраннан айту.

3. «Дода» ойыны – Күрделі сұрақтар

Балалар 2 топқа бөлінеді.

1-айналым: Тәуелсіздік додасы

Қиын сұрақтар:

– Неге Қазақстан тәуелсіз ел болуы керек?

– Тәуелсіздік бізге не берді?

– Біздің елдің ең үлкен жетістігі қандай?

Топтар жауап береді.

4. Видео көрсету + талдау

5. Тақпақ айту

Ересек балалардан талап:

Мысалы:

«Қазақстан – отаным,

Жайнай берсін қазағым!

...(баланың өз жалғасы)»

6. Ұжымдық ойын: «Пазл – Қазақстан»

Балалар үлкен карта немесе рәміздер пазлын жинайды.

Ересек нұсқасы: Пазл ішінде тапсырма жасырылған

Мысалы: «Пазл аяқталса – рәміздің авторын ата»

7. «Ою тығу» ойыны – күрделі нұсқа

8. Шығармашылық жұмыс: Оюдың жартысын бояу

Ересек нұсқасы: Балалар оюды бояп қана қоймайды. Қандай түспен боядың? Неге? Бұл ою біздің ел үшін нені білдіреді?

9. Шар үрлеу – «Елдің күшін көрсет»

Ересек нұсқа: Шарды үрлеген соң, Шарға бір құндылық сөзін жазу:

Бейбітшілік, Бірлік, Тәуелсіздік, Достық, Еңбек, Болашақ

Шарлардан «Тәуелсіздік гүлшоғы» жасалады

10. «Ойланып тап» –

Ересек нұсқа:

Мұғалім сипаттайды, бала табады:

✓ «Мен – тәуелсіз елдің басты заңы боламын...» (Конституция)

✓ «Мен – аспан түстімін, ортасында күнмен қыран бар...» (Ту)

✓ «Мен – елдің алтын шаһарымын...» (Астана)

✓ «Мен – еркіндікке қол жеткізген күнімін...» (16 желтоқсан)

11. Қорытынды – «Тәуелсіздікке тілек»

Бүгінгі сабағымызды қандай әсер алдыңыздар ,соны бір ауыз сөйлемен жазыңыздар

Балалар тұрады.

Әрқайсысы бір сөйлем айтады:

Отанымызға бір ауыз жүректерін тілек терін айтсын балаларымыз

– «Мен елім үшін ... тілеймін»

Коррекциялық–дамыту міндеттері:

Ою-өрнектермен жұмыс арқылы көру-қимыл координациясын жетілдіру.

Түрлі түстерді ажырату дағдыларын жетілдіру (көк, алтын, қызыл, жасыл, қара).

Симметрия, кеңістіктік бағдар және ұсақ моторикасын дамыту (оюдың жартысын бояу).

Эмоциялық тұрақтылықты арттыру, шығармашылық арқылы шиеленісті төмендету.

Білім беру міндеттері: Қазақтың негізгі ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру («қошқармүйіз», «түйетабан», «қосалқа»). Тәуелсіздік, ұлттық рәміздер, ұлттық мәдени құндылықтар туралы

түсініктерін кеңейту. Түстерді, олардың мағынасын және композиция құру дағдысын бекіту. Сурет салу, бояу, құрастыру, сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру.

Қорытынды сөз

Бүгінгі «Тәуелсіздік тірегіміз» атты тәрбие сабақта біз ұлттық оюларды бояу, түстерді ажырату, тамшы техникасын қолдану және аппликация арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды мақсат еттік.

Сабақ барысында:

- әр бала өз идеясын көрсетті,
- ұжымдық атмосфера қалыптасты,
- ұлттық мәдениет элементтерімен танысты,
- шығармашылық еркіндік берілді.

Барлық қатысушыларға алғыс айтамын!

Бұл әдістер сіздердің тәжірибелеріңізде де тиімді боларына сенемін.